| <b>G.B. KYSSYKOVA</b> Predictive assessment of the effectiveness of<br>legislation.....                                                                                                                                             | 124 |
| <b>A.U. KALIEVA</b> Improvement of the quality of legislation<br>through updating Classifier of branches of legislation of the Republic<br>of Kazakhstan.....                                                                       | 134 |
| <b>From the lawmaking practice in the official language</b>                                                                                                                                                                         |     |
| <b>L.S. TURGANBAEVA, T.S. EREMENKO</b> On negative and<br>positive consequences of the transition to the latin graphics.....                                                                                                        | 144 |
| <b>G.D. MAKANOVA, K.A. AINABAYEVA</b> On certain<br>grammatical issues of international agreements.....                                                                                                                             | 149 |
| <b>Young scholar tribune</b>                                                                                                                                                                                                        |     |
| <b>A.ZH. KALMAGABETOV, G.N. KUZEMBAEVA</b> «On the<br>results of the analyses of the law of the Republic of Kazakhstan «On<br>the safety of toys» (based on materials from the analytical report).....                              | 154 |

|                                                                                                                                                                                                                              |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>A. ARYSTAN, G. TATEBAYEVA</b> The prerequisites and prospects of introduction of the concept «Legal entities under public law» into Kazakhstan law.....                                                                   | 162 |
| <b>A. BEKEN</b> Certain issues of the legal personality of robots with artificial intelligence.....                                                                                                                          | 170 |
| <b>F.P. DOSSANOVA, B.B. YERMEKBAYEV</b> On the perspective of administrative justice implementation in the framework of discussion provisions of the draft Administrative procedural code of the Republic of Kazakhstan..... | 176 |
| <b>D.B. KASKABAYEVA</b> The legal efforts of Kazakhstan struggle terrorism.....                                                                                                                                              | 185 |

### The Chronicle of Scientific Life

|                                                                                                                                                                                                                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Information note on the working trip of the delegation of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Moscow, 15-18 October 2019.....                                                                                 | 198 |
| Informational note on the working visit of the delegation of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Ashgabat (Turkmenistan), November 5-9, 2019.....                                                             | 203 |
| Information note on the working trip of the delegation of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Almaty, November 13-15, 2019.....                                                                               | 207 |
| Informational note on the round table, Nur-Sultan, November 15, 2019.....                                                                                                                                                                                   | 210 |
| Informational note on the working trip of the delegation of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Moscow, November 18, 2019.....                                                                                | 213 |
| Information note on the working trip of the delegation of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Novosibirsk (Russian Federation), November 19-20, 2019.....                                                     | 217 |
| Information note on the expanded meeting of the Academic Board of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan to discuss the results of fundamental and applied scientific research, November 22, 2019.....            | 223 |
| Information note on the joint meeting of the Academic Board of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan and National Academic and Practical Center “Til-Kazyna” named after Sh. Shayakhmetov, December 4, 2019..... | 227 |
| INFORMATION NOTE on the expanded meeting of the Academic Board of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan to discuss the results of fundamental and applied scientific research, December 6, 2019.....             | 231 |

### The archive pages of the «Bulletin»

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>R.K. KANATOV</b> Problems of improvement of the law of the Republic of Kazakhstan in the legal protection of trademarks, industrial property objects, selection achievements (Based on the analytical report of the fundamental and applied scientific research «Improvement of legislation in the field of intellectual property: the account of the OECD experience in terms of participation of Kazakhstan in the EAEC and the WTO»)..... | 233 |
| <b>A. ARYSTAN</b> Back to the article of the Master of laws R.K. Kanatov «Problems of improvement of the law of the Republic of Kazakhstan in the legal protection of trademarks, industrial property objects, selection achievements».....                                                                                                                                                                                                     | 241 |

### Bibliography

|                                                                                                                                                                                                                               |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Review on the monograph «Regional aspects of integration: European Union and Eurasian space» / K. Malfliet, A.I. Abdullin, G.R. Shaikhutdinova [et al.]; resp. ed. R. Sh. Davletgildev. - Moscow: Statute, 2019. - 239 p..... | 248 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                            |     |
|----------------------------|-----|
| <b>Wise thoughts</b> ..... | 250 |
|----------------------------|-----|



## ЛАТЫН ҚАРПІНЕ ӨТУДІҢ ТЕРІС ЖӘНЕ ОҢ САЛДАРЫ

**Ләззат Сұлтанмұратқызы Тұрғанбаева**

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығы Нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми-лингвистикалық сараптамасы секторының аға ғылыми қызметкері, з.ғ.к., Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: ardaki12@mail.ru

**Татьяна Сергеевна Еременко**

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығы Нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми-лингвистикалық сараптамасы секторының ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: tanya\_abai1974@mail.ru

**Түйін сөздер:** латын әліпбиі; латын графикасы; кириллица; рухани жаңғыру.

**Аннотация.** Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көтерілген көкейкесі мәселенің бірі – латын графикасына көшу болып табылады. Бағдарламалық мақалада 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігі және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да сол графикамен жазылуы тиіс екені айтылып, сонымен қатар Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасау тапсырылды. Біраз талқылаулардан, сараптамадан өткеннен кейін жаңа әліпбидің үлгісі де шығарылып үлгерді. Сол латын әліпбиіне көшу мәселесіне пікір білдірген кейбір мамандардың айтуынша шет тілінен, орыс тілінен алынған сөздерді өзгертпей сол қалпында қалдыру ұсынылады, ал бір мамандар керісінше бүкіл сөздерді қазақшалауға сәт туып отыр деген пікір айтуда. Дегенмен уақыт келе жаңа үлгідегі әліпби көптеген ғылыми зерттеулер, практикалық тәжірибелер арқылы тіліміздің тұрақты қалыптастырылған әліпбиі болатыны сөзсіз.

Ендігі міндет сол латын әліпбиін мемлекеттік тілде қолдануға көшу. Әрине, қалыптасып қалған әліпбиді радикалды түрде өзгерту оңай емес және оны іске асыруда алда шешілуге тиіс көптеген проблемалар бар және олар осы мақалада санамалап көрсетілген.

Автор мақалада қазақ тілі әліпбиінде орын алған реформалардың негізгі кезеңдерін, оларды жүргізу себептерін баяндаған. Мақалада латын әліпбиіне көшуге қарсылық білдірген көпшілік қауымның сын-пікірлері санамаланып, автор оларға өз көзқарасын білдірумен латын графикасына көшудің оң нәтиже беретін негіздемелер келтірілген.

## ПОСЛЕДСТВИЯ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ: ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЕ И ОТРИЦАТЕЛЬНЫЕ СТОРОНЫ

**Турганбаева Ляззат Сұлтанмуратовна**

Старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов нормативных правовых актов и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, к.ю.н., г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: ardaki12@mail.ru

**Еременко Татьяна Сергеевна**

Научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов нормативных правовых актов и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: tanya\_abai1974@mail.ru

**Ключевые слова:** латинский алфавит; латинская графика; кириллица; духовное возрождение.

**Аннотация.** Одна из значимых проблем, поднятых в программной статье Президента Республики Казахстан «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» – переход на латинскую графику. В программной статье приводится необходимость перевода делопроизводства и учебных материалов на латинский алфавит до 2025 года и даны поручения пра-

вительству составить четкий график по этому поводу. После многих дискуссий, экспертизы был составлен образец нового алфавита. Некоторые специалисты высказывают мнение, что при переходе на латинский алфавит казахского языка нужно оставить иностранные, русские слова без их изменения, а другие, наоборот, предлагают придать им казахский колорит, и переход на латиницу дает прекрасную возможность для этого.

Несомненно, настало время перевести на латинскую графику государственный язык. Однако со временем алфавит нового поколения станет постоянно формирующимся алфавитом нашего языка благодаря многим научным исследованиям, практическому опыту.

Конечно, принять радикальное изменение устоявшегося алфавита нелегко и на пути реализации его осуществления немало проблем, которые приведены в статье.

В статье автор описывает основные периоды и причины реформ, которые имели место в казахском языке.

В статье приведены доводы выступающих против перехода на латиницу. Вместе с тем автор передает свое видение на их доводы и приведены ожидающие положительных результатов обоснования к переходу на латинскую графику.

## ON NEGATIVE AND POSITIVE CONSEQUENCES OF THE TRANSITION TO THE LATIN GRAPHICS

**Turganbaeva Lyazzat Sultanmuratovna**

Senior Researcher of the linguistic expertise sector of draft normative legal acts and international treaties of the linguistics Center of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, e-mail: ardaki12@mail.ru

**Eremenko Tatiana Sergeevna**

Junior Researcher of the linguistic expertise sector of draft normative legal acts and international treaties of the linguistics Center of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: tanya\_abai1974@mail.ru

**Keywords:** Latin alphabet; Latin graphics; Cyrillic; spiritual revival.

**Abstract.** One of the significant problems raised in the program article of the President of the Republic of Kazakhstan «Look to the future: modernization of public consciousness» is the transition to Latin graphics. The program article outlines the need to translate office work and educational materials into the Latin alphabet until 2025 and instructs the government to draw up a clear timetable for this. After going through the discussion, a sample of the new alphabet was drawn up. Some experts, Express the opinion that when switching to the Latin alphabet of the Kazakh language, you need to leave foreign, Russian words without changing them, and others, on the contrary, offer to give them a Kazakh flavor, and the transition to the Latin alphabet gives an excellent opportunity for this.

Undoubtedly, the time has come to translate the official language into Latin. However, over time, the alphabet of the new generation will become a constantly evolving alphabet of our language thanks to many scientific studies, practical experience.

Of course, it is not easy to accept a radical change in the established alphabet and there are many problems on the way of its implementation, which are given in the article. In the article the author describes the main periods and reasons of reforms that took place in the Kazakh language.

The article presents the arguments against the transition to the Latin alphabet. At the same time, the author transmits his vision to their arguments and presents the justification for the transition to the Latin schedule, which is waiting for positive results.

«Өз ойларыңмен, тілдеріңмен және жұмыстарыңмен бірыңғай болыңдар».  
(Исмаил Каспирали)

Қазақстанның егемендік алған жылдан бері әлемдік нарықтық экономикада, геосаяси аренада өз орнын табу, зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде даму бағытын ұстану жолында дами отырып, әрі қарай жұмыстар жүргізуде. Солардың бірі еліміздегі өткен

жылы қоғамда қызу талқылауға түскен мемлекеттік тілдің әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі реформа болып табылады.

Әлемде латын әліпбиін 100-ден аса мемлекет, ал кириллицаны 12 мемлекет қана қолданады екен. Мемлекетімізбен тығыз қарым-қатынас орнатылған мемлекеттер қатарынан Түркия – 1929 жылдан, Әзірбайжан – 1992 жылдан, Өзбекстан мен Түркменстан

– 1993 жылдан бері латын әліпбиіне ауысқан.

Мамандар, ғалымдар тарапынан ұсынылған латын әліппесінің бірнеше нұсқаларын талқылау барысында ішіндегі ең қолайлысы, тиімдісі іріктеліп алынып, ол нұсқа Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығында көрініс тапты<sup>1</sup>.

Әрине, мемлекетіміз үшін кириллицадан бас тартып, латын әліпбиіне көшу кенеттен қабылданған шешім емес, 2012 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты арнаған Жолдауында-ақ «осындай шешім қабылдау заман қажеттігі»<sup>2</sup> екенін атап өткен болатын.

Қазақ тілі әліпбиінің тарихын саралайтын болсақ, кеңестік замандағы Қазақ АКСР-да алғашқыда белгілі ағартушы А. Байтұрсынов әзірлеген, халықта «төте жазу» атымен кең таралған араб графикасына негізделген әліпби қолданылып, сол графикада бірталай жазбалар, оқулықтар әзірленген болатын. 1928 жылғы 14 желтоқсанда Қазақ АКСР-ның Орталық Атқарушы Комитетінің (ҚазОАК) латын ғарпіне негізделген жаңа графиканы енгізу туралы декреті қабылданды. Бұл декрет қабылданбай тұрып, ол жөнінде қызу талқылаулар, түркітанушылардың құрылтайлары, Орталық Азия елдерінің республикааралық кеңестері өткізілген болатын.

Сол кездегі латын әліпбиіне көшуге қарсы пікір білдірген А.Байтұрсыновтың басшылығымен арабисттер «қазақ тілінің дыбыстарын белгілеу үшін араб жүйесі белгілерінің қоры латын жүйесіне қарағанда қолайлырақ және қазақ тілінің дыбыстарын белгілеу үшін латын ғарпіне сәйкес келетін дыбыстар жоқ және жаңа әріптер құрастыруға тура келетінін, батыс елдерінде қалыптасқан латын әліпбиінің түрк тілдерінің дыбыстық құрамының 25-30 пайызын қанағаттандырмайтынын алға тартқан болатын. Ал латын ғарпіне өтуді қолдаушы Т.Шонанов «араб әліпбесі сол кездегі заманға сәйкес жазбаларға лайық емес екенін, типографиялық жұмысты қиындатынын, араб қаріптерімен ноталарды, ғылыми формулаларды, анықтамаларды белгілеу қиынға соғатынын, әріп терушілердің жұмыстарына салмақ салатынын» дәлел еткен болатын [1].

Сондай-ақ Республика Үкіметінің қаулысы бойынша 1927 жылғы 19 маусымнан

бастап 1937 жылға дейін Жаңа Қазақ Әліпбесінің Орталық Комитеті жұмыс жасап, латын әліпбесі Қазақ КСР-де 1940 жылы кириллица енгізілгенге дейін қызмет етті. Неге сол уақытта латын ғарпіне көшкенше, бірден кириллицаға өту жүзеге асырылмады деген орынды сұрақ туады. Мұсылман дініне негізделген араб әліпбиінен тікелей кириллицаға көшу бірден халық наразылығын тудыратынын білген кеңестік үкімет 1937 жылдарына дейін жалғасқан, халықтың басым бөлігін құрту мақсатында қолдан жасалған ашаршылық жасап, жаппай құғын-сүргінге ұшыратып ой-пікірін ашық білдіре білетін зиялы қауымнан құтылған соң ғана кириллицаға өтуді көздеген болатын.

Әрине, қазіргі таңда сонау 1937 жылдан бастап кириллицаны қолданатын халық үшін латын графикасына көшу оңай емес, бұл қадамның теріс және оң салдары, оны жүзеге асыруда бірқатар проблемалар туындайтыны сөзсіз.

2012 жылы бірқатар қоғамдық қайраткерлер Президентке жолдаған ашық хатында латын әліпбиіне бірден көшу оңай емес екенін және елімізде әлі де қазақ тілін меңгеру проблемасы оң шешімін таппаған жағдайында мұндай түбегейлі реформа жүргізу ерте және қоғамның бұл шешімді қабылдауға дайын еместігін білдірген болатын. Кейіннен бұл реформаны іске асыру уақыты шегеріліп, қазіргі тұста қайта қолға алынып отыр және болашақта 2021-2023 жылдардан бастап мемлекетіміздегі құжаттар латын тілінде әзірленіп, 2024-2025 жылдары құжаттамалық іс-жүргізу мен бұқаралық ақпарат құралдарын бірте-бірте латын графикасына көшіру жоспарлануда.

Алайда, қазіргі таңда латын графикасына көшуге қарсылық білдіретіндердің пікірінше бірқатар кедергілер мен проблемалар оны жүзеге асыру кезеңінде қиындық туғызатыны сөзсіз. Атап айтқанда:

1. Елімізде кейбір қандастарымыздың қазақ тілін меңгеруі өте нашар, ал латын әліпбиіне көшу қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтан одан ары арылтады.

2. Латын графикасында білім алу қиындық туғызатын болғандықтан халықтың көпшілігі балаларының орыс тілінде білім алуына ұмтылатын болады, өйткені орыс тіліндегі әліпби бірталай ғасырлардан бері жүйеленген, орнықталған және көпшілік қауымға түсінікті болып келетіндіктен оқулықтар қайта реформалауды қажет етпейді және саны жағынан жеткілікті, ол өз кезегінде орыс тілінде білім алу оңайырақ және тезірек

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығы. //Қолжетімділік режімі: <http://adilet.zan.kz/rus>

<sup>2</sup> «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. // Қолжетімділік режімі: <http://adilet.zan.kz/rus>

болады деген түсінік қалыптастырады, ата-аналардың балаларын, талапкерлердің білім алу үшін орыс тілінде білім беретін ұйымдарды, бөлімдерді таңдауға себеп болады.

3. Қазақстандағы көпшілік қауымның, әсіресе егде тұрғындардың жаңа әліпбиді әртүрлі себептерге байланысты (психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық) үйренуге құлшынысының болмауы нәтижесінде қоғамның көпшілік бөлігінің білімсіз болып қалу және білімсіз халықтың радикалды топтардың ықпалына жығылу қатері туындайды. Сондай-ақ, латын графикасына қарсы пікір білдірушілердің ойынша Өзбекстан мемлекеті латын әліпбиіне көшкенімен, құжаттамалық іс жүргізу материалдарының жарты бөлігі әлі де латын әліпбиіне көшпегенін және халықтың басым бөлігінің латын графикасын үйренуінде қиындық туғызғаннан білімсіз болып қалғанын, сонымен қатар басқа мемлекеттерде тұратын өзбек қандастарының кириллицаны қолданып жүргендіктерінен олардың отандастарымен араласуы да қиындық туғызатынын алға тартады.

4. Латын тілінде білім алған жас ұрпақтың кириллицаны меңгермегендігі себебінен осы уақытқа дейін елімізде сақталып келген, халықтың тарихы, мәдениеті, рухани құндылықтары қамтылған бірталай миллион таралыммен басып шығарылған кітаптарды, әдебиет пен ғылыми жұмыстарды оқи алмауы, мәдени мұралардың кейінгі ұрпаққа сақтау қажеттігі жоққа шығарылуы мүмкін.

5. Латын графикасына көшу қомақты қаржылық шығыстарға алып келеді, өйткені мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған барлық оқулықтарды, көркем әдебиеттерді, оқу құралдарын қайта жазып шығару, бұқаралық ақпарат құралдарын жаңа графикалық жүйеге көшіру, редакторларды, аудармашыларды қайтадан оқыту, көшелер мен маңдайшалардың атауларын ауыстыру қажет болады.

6. Мемлекеттік тілде қолданылып жүрген графиканың бір түрінен екіншісіне ауыстыру ешқандай да түрде зияткерлік не технологиялық серпілістердің туындауына кепілдік бермейді және халықтың жаппай ағылшын тілін үйренуге құлшынысын тудыруы екіталай.

Жоғарыда латын графикасына көшуге келтірілген қарсы пікірлерге мынадай қарсы дәлелдер келтіреміз:

1. Латын графикасына көшу қазақ тілін меңгеруге қызығушылықтан арылтатынына қатысты. Менің ойымша, қазақтардың қазақ тілін жетік меңгеруі, өз тіліне деген сүйіспеншіліктерінің оянуы мемлекеттік тілді қолдау мақсатында қанша жылдан бері қандай да бір іс-шаралар қабылданғанымен алға

қарай ілгерілуі байқалған жоқ. Қазіргі таңда көбісі балаларын қазақ тілінде білім беретін балабақшаларға, мектептерге бергенімен, сол мектептегі балалар қонырауларда, сабақтан тыс уақыттарда бір-бірімен орыс тілінде сөйлеседі, себебі ата-аналары уйілерінде орыс тілінде әңгімелеседі, балаларға арналған, шетелден келген қызықты, танымал телехабарламалардың, кино- және мультипликациялық фильмдердің, ойындардың басым бөлігі орыс тілінде беріледі. Сондықтан қазақ тілін қашан толық меңгереміз, сол кезде ғана латын әліпбиіне көшеміз десек, ол мақсатқа таяу арада жетеміз деп ойламаймын.

2. Орыс тіліндегі оқулықтардың, әдебиеттің тұрақты қалыптасқанына байланысты қазақ тілінде білім алудан гөрі орыс тілінде білім алуды таңдау туындайтынына қатысты.

Бұл тұрғыда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Смағұл Елубайдың ойынша латын графикасына көшу үшін барлық мектептерді бірыңғай ету қажет деген пікірі дұрыс деп ойлаймын, «егер біз мектептерді кейіннен де қазақ және орыс тіліндегі мектептерге бөлетін болсақ, онда бір мектептер латын графикасында, біреулері кириллицада білім алып, біз онсыз да бөлінген ұрпақты одан ары бір-бірінен алыстататын боламыз, ал бұл еліміздің бірлігі мен тұтастығына негізделген саясатымызға қайшы келеді»<sup>3</sup>.

Білімге, ғылымға қызығушылығы, құштарлығы бар адам қандай әліпби болсын меңгеріп алады.

3. Латын әліпбиін үйрену қиындық туғызғандықтан халықтың басым бөлігінің білімсіз болып қалуы және «қараңғы» халыққа радикалды топтар ықпалының күшеюі қауіпіне қатысты.

Менің байқауымша, қазіргі таңда жастарымыз кітап, оқулықтар, газет-журналдар оқуға қызықпағандықтан, бос уақыттарын көбінесе интернетте өткізгендіктен, олардың сауатты жазуы алдыңғы ұрпаққа қарағанда өте нашар және жоғары оқу орындарын бітірген түлектер өз саласында білікті маман болғанымен, жазбаша не электрондық хат алмасуларынан грамматикалық, орфографиялық қателер жіберетіні өте жиі байқалуда. Онсыз да қазақ тілінде сауатсыз жазатын көптеген жастардың латын графикасына көшудің салдарынан жазу сауаттылығы төмендеп кетеді деп ойламаймыз.

Ал білімсіз халықтың діни радикалды топтардың ықпалына түсу қауіпін тойтару мақсатында білім беру мекемелерінде, БАҚ-та діни ағартушылық жүргізетін шараларды көбірек жүргізу қажет деп ойлаймыз. Бірақ билік тарапынан халықтың дінге бетбұрып кетуі қауіпінен қорқып діни ағартушылық ша-

<sup>3</sup> <http://ru.bilimainasy.kz/?p=1360/>

раларын жүргізу кезінде имамдарды, діндарларды қатыстырмайтыны да айтылып жүр.

4. Латын тілінде білім алған ұрпақтың кириллицада жазылған мәдени құндылықтарымызды қолдана алмау қауіпіне қатысты.

Қазіргі таңда Елбасымыз өзінің бағдарламалық мақаласында қозғаған «рухани жаңғыру» идеясын [2, 2 б.] іске асыру мақсатында әлемдік құндылықтардан аударылған қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық басып шығарылуда, сондықтан сонау жылдардан қалған мәдени мұрамызды да латын әліпбиіне көшіру біраз уақытты қажет ететіндігімен де қиындық туғызбайтыны сөзсіз.

5. Латын ғарпіне көшіру реформасы ауқымды қаражат талап ететіндігіне қатысты.

Еліміздің жарқын болашағы, өркениетті мемлекет құруымыз үшін «біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді [2, 2 б.]. Бұл реформадан да басқа елімізде болып жатқан мәдени шараларға жыл сайын бірталай қаражат жұмсалады, ал бұл реформа тек мәдени емес, сондай-ақ саяси шара болып табылады.

6. Латын графикасына көшудің ешқандай технологиялық және зияткерлік пайдасы жоқтығына қатысты.

Тілдің ішкі-сыртқы жағдайы қазіргі жазудың (орфография) айтылымға (орфоэпияға) кері әсер етіп, өзге тілден кірген сөздердің салмағы арта түсіп, кірме дыбыстардың төл сөздеріміздің фонетикалық-грамматикалық талаптарын бұза бастауы секілді түрлі жағдайлар әліпбиді өзгерту мәселесіне алып келіп отыр [3, 223 б.]. Латын әліпбиін қолдаушы лингвисттердің пікірінше латыншаға ауысуымыз ана тілімізге шет тілінен енген кірме сөздердің тез үйлесуіне септігін тигізеді және қазақ тіліндегі сөйлемдер латын әріптері мен сөз тіркестерімен жақсырақ айтылып беріледі.

Латын әліпбиіне ауысу процесінің мемлекетке әкелетін оң нәтижелері көп, мысалы, егер қазіргі таңда адамдар тұрмыс-тіршілікте бір-бірімен орыс тілінде сөйлесуді дағдыға айналдырса да, қазақ тілі әліпбесінің латын әрпіне көшуі тікелей орыс тіліне ықпал етпегенімен, болашақта кириллицаны танымайтын ұрпақ өсетініне басты себепкер болуы мүмкін, әрине, жастардың орыс тілінде еркін сөйлескенімен, кириллицаны білмеулері жазбаша орыс тіліндегі мәтінге қол жеткізуге бұғат қоятыны сөзсіз, алайда бұл әлемдік, технологиялық, экономикалық, ғылыми, басқа да ақпаратты тек орыс тіліндегі мәтінінен оқып, көбінесе тек ресейлік ғалымдардың жұмыстарына сілтеме жасап, заңнамалық жобаларды тек Ресейден көшіруге үйреніп қалған қазақстандықтар үшін басқа тілдерді меңгеріп, ақпаратты өзге көздерден де алуға серпіліс

болады. Сондай-ақ, латын графикасына көшу Қазақстанның түркітілдес әлемімен етене ынтымақтасуға мүмкіндік туғызады.

Еуропа елдері Еуроодақ құруы арқасында бір-бірімен экономикалық және саяси ынтымақтастықты нығайтуда, ал біз өз Түркітілдес Мемлекеттер Одағын жаңғыртуымыз қажет. Латын графикасына көшу – сол мақсатқа жетудің бір қадамы болып табылады.

Қазақстан және бүкіл әлем кірген ғаламдық жаңа тарихи кезең даму өзгерістеріне дайын емес жұртшылықты артта қалдырып, ал жаңа өзгерістерді ескере алғандарды алдыңғы қатарларға шығаруы мүмкін. Мемлекеттік тілімізге қатысты жүргізілетін бұл реформа болашаққа жеткілікті дайын болуға септігін тигізеді сөзсіз.

Латын графикасына өту шетелдіктерге Қазақстанның мәдени мұрасымен танысуға септігін тигізеді. Бұл «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақалада айтылған міндеттердің бірін іске асыру жолы болып табылады, сонымен қатар латын графикасын пайдаланатын елдердің жетістіктеріне қол жеткізуге көмектеседі.

Ғаламшарымыздың технологиялық және ғылыми дамуы адамдардың сөйлеу және сандық технологиялық қарым қатынасына әсер ететін терминологияның кеңеюін тудырады. Латын әліпбиі бағдарламалық және мәдени ақпараттың қолдану графикасы болған соң, еліміздің латын графикасын меңгеруі әлемдік интеграцияға енуіне мүмкіндік береді.

Латын әліпбиіне көшуді тек біздің ел ғана емес, бұрынғы кеңестік мемлекеттерден Украина мен Қырғызстан да жоспарлап отыр. Алайда үйреншікті болып қалған кириллицадан бас тартып, латын графикасына көшу реформасын іске асыруда халыққа тиетін ауыр зардабының алдын алу үшін бұл реформаның іске асырылу мерзімін ұзақ жылдарға созу керек (мәселен Польша мемлекетінде ол бірталай жүзжылдықтарға созылған болатын). Сондай-ақ Әзірбайжан мемлекетінің осы жолда қолданған алдын ала тиімді ойластырылған стратегиясын басшылыққа ала отырып, алдымен іс жүргізумен қатар балабақшалардағы, кейіннен мектептер мен университеттердегі оқу құралдарын аударып, соңынан БАҚ-ты латын графикасына ауыстыру қажет. Сонымен қатар Әзірбайжанда 30 пайыздан аз халық саны ауызша орыс тілін меңгергенін, бірақ ол тұрмыстық және күнделікті қарым қатынаста қолданылмайтын практикасын ескеру қажет.

Латын графикасына көшуде рухани жаңғыру басымдықтарын басшылыққа ала отырып, тіл саясатын қайта қарауға, оған стратегиялық міндет ретінде қарауға және мемлекеттік тілді элиталық тіл ретінде орнықтыруға маңызды қадам болуы тиіс.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Г. Каратаева. Истории казахского алфавита: арабская графика – латиница – кириллица: <https://tengrinews.kz/article/639/>. Қаралған күні: 04.10.2018
2. Н. Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала.». «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газет. № 70 (29051). 2 Сәуір, 2017.1-2 беттер.
3. Сарсембаев М.А. Латын әліпбиіне көшу – заман талабы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті. Халықаралық құқық кафедрасының ғылыми еңбектері. Шығарылым-3 // Қарабаев Ф.Ж. редакциялауымен. - Астана, 2017. - 217-226 бб.

## REFERENCES

1. G. Karataeva. Istoriia kazakhskogo alfavita: arabskaya grafika – latinitca – kirillitca: <https://tengrinews.kz/article/639/>. Karalghan kun:04.10.2018
2. N.A. Nazarbayev. «Bolashakka bagdar: ruhani jangiru» bagdarlamalik makala. / «Egemen Kazakhstan jalpiulttik respublikalik gazet. № 70 (29051). April 2, 2017.1-2 pages.
3. Sarsembaev M.A. Latin alipbiine koshu – zaman talabi // L.N. Gumilyov atindagi Eurasian ulttik university. Halikaralik kukik kafedrasinin gilimi enbekteri. Shigarilim-3//Qarabaev F.Zh. redakcijalauymen. - Astana, 2017. - P. 217-226.

ӘӨЖ 81'36:327(094)

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДЕГІ КЕЙБІР ГРАММАТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ

### Ғалия Дюсембайқызы Мақанова

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығы Нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми-лингвистикалық сараптамасы секторының ғылыми қызметкері; Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: [makanova.gd@gmail.com](mailto:makanova.gd@gmail.com)

### Қымбат Әбілқайырқызы Айнабаева

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығы Нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми-лингвистикалық сараптамасы секторының ғылыми қызметкері; Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: [ajnabaevak@mail.ru](mailto:ajnabaevak@mail.ru)

**Түйін сөздер:** халықаралық келісім; грамматика; мемлекеттік тіл.

**Аннотация.** Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасуында Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарттардың маңызы зор.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағында «Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сай келмейтін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе тәуелсіздігінен айырылуына әкеп соғатын халықаралық шарттарды жасасуға жол берілмейді» деп көзделген. Сонымен қатар халықаралық құжаттар қоғамдық тыныс-тіршіліктің түрлі салаларын қамтиды әрі еліміздің өсіп-өркендеуіне, жан-жақты дамуына, саяси аренада өз орнына айтарлықтай ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына міндетті ғылыми лингвистикалық сараптаманы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым, атап айтқанда, Заңнама